

Бекітемін:

№8 «Тілашар» бөбекжай-балабақшасының
менгерушісі: *Зейнеп Э. Әйтбембет*



**2025-2026 оқу жылына арналған бөбекжай –балабақшасы
педагогтарымен өткізілетін әдістемелік кеңесінің отырысының
жұмыс жоспары**

№	Іс-шара атауы	Өткізу мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауаптылар
1	№ 1 әдістемелік кеңестің отырысы 1.Әдістемелік кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. 2. «Адал азамат» және біртұтас тәрбие бағдарламасының жұмыс жоспарына кіріктірілуі, бағдарлама бойынша жүйелі жұмыс жүргізу туралы 3.Мониторинг бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу	Қыркүйек	Хаттама	ӨК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері
2	№ 2 әдістемелік кеңестің отырысы 1.Бастапқы мониторинг нәтижелері бойынша жиынтық деректерді ұсыну. 2.Аттестациядан өтетін педагогтарға әдістемелік көмек. 3.Музыка жетекшісінің ойын жаттығулары.	Желтоқсан	Хаттама	ӨК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері
3	№ 3 әдістемелік кеңестің отырысы 1.Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру шеңберінде МДҰ педагогтерінің өз бетінше білім алу жұмысын ұйымдастыру. -педагогтердің өздігінен білім алуының жеке бағыттарының тақырыбына шолу жасау; -педагогтерді өздігінен білім алу процесінде қолдау және сүйемелдеу нысандары; -МДҰ жұмыс тәжірибесіне өздігінен білім алу нәтижелерін енгізу. 2.Тәрбиешілердің өздігінен білім алу тиімділігін зерделеу нәтижелері.	Ақпан	Хаттама	ӨК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері , мейіркеш
4	№ 4 әдістемелік кеңестің отырысы 1.2025-2026 оқу жылындағы әдістемелік кеңес жұмысының нәтижелігін талдау. 2. Психолог жұмыстарының есебі. 3.Оқу жылын қорытындылау	Мамыр	Хаттама	ӨК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері

№1 әдістемелік отырыстың хаттамасы

Тақырыбы: 1.Әдістемелік кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын ұйымдастыру және іске асыру.

3.Мониторинг бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу

Өткізілген күні: 25.09.2025 жыл

Қатысқан: 7 педагог

Қатыспаған:

Күн тәртібінде:

1.«2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту».

Менгеруші Э.Әйтбембет

2. «Адал азамат» және біртұтас тәрбие бағдарламасының жұмыс жоспарына кіріктірілуі, бағдарлама бойынша жүйелі жұмыс жүргізу туралы.
Әдіскер: М.Рахмет

3.Мониторинг бойынша түсіндірме жұмыстары. Әдіскер: М.Рахмет

1.«2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту» бойынша балабақша меңгерушісі Э.Әйтбембет: Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарымен таныстырды. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің үлгілік оқу бағдарламасы бекітіліп шықпағандықтан, 2025-2026 оқу жылына арналған нұсқаулық хатпен таныстырып, жаңа оқу жылындағы өзгерістер талқыланды.

Педагогтардың сұрақтарына жауап берілді. Аудандық жылдық жоспарындағы іс-шараларды да осы жылдық жоспарда көрсетіп, балабақша басшысына бекітуге жіберілді.

2.Биылғы оқу жылындағы өзгеріс «Адал азамат» және біртұтас тәрбие бағдарламасы күнделікті жұмыс жоспарларында іске асырылу қажеттігі айтылып өтті.Бағдарлама бойынша жұмыс жоспарлары күнделікті апталық циклограммада жүзеге асырылу қажет.Жоба бойынша тақырып алынып жоспар жасалуы, жеке қауіпсіздік сабақтары барлығы біртұтас циклограммаға енгізілуі қажет. Апталық дәйексөздер апта соңында қорытындыланып, желіге салынуы тиіс.

3.Топтардағы мониторинг бойынша 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық негізінде балалардың деңгейін анықтау мақсатындағы мониторингтің EXCELL бағдарламасында тиімді жұмыс жасау үшін кеңестер мен түсіндірмелер жүргізді. Барлық педагогтар EXCELL бағдарламасындағы қиындық тудырып тұрған сұрақтарына жауаптарын алды.

Әдістемелік кеңес шешім етеді:

1. 2025-2026 оқу жылы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының» мазмұнын іске асыру үшін үнемі білім беру процесіне ата-аналарды қатыстырып отырсын.

Мерзімі: үнемі.

Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.

2. «Адал азамат»және біртұтас тәрбие бағдарламасы күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерге кіріктіріліп , жоспарға сай жүргізіліп отырсын.

Мерзімі: бір аптаның ішінде

Жауапты: барлық педагогтар

3.Қыркүйек айының 15-іне дейін бастапқы мониторинг нәтижелері толтырылсын.

Мерзімі: бір аптаның ішінде

Жауапты: барлық педагогтар

4.Алдағы оқу жылдары барлық педагогтар нәтижелі жұмыс жүргізуін қатан талап етілсін.

Төрайымы:  М.Рахмет

Хатшы:  А.Бахтыбаева

№2 әдістемелік отырыстың хаттамасы

Өткізілген күні: 23.12.2025 жыл

Қатысқан: 7 педагог

Қатыспаған: 0

Күн тәртібінде:

- 1.Бастапқы мониторинг нәтижелері бойынша жиынтық деректерді ұсыну.
- 2.Музыка жетекшісінің ойын жаттығулары.
- 3.Аттестациядан өтетін педагогтарға әдістемелік көмек.

Тыңдалды:

1 Бастапқы мониторинг нәтижелері бойынша әдіскер М.Рахмет тоқталып өтті. «Жас өркен» ересек тобында 4 бала жоғары деңгей, 5 бала орташа деңгей, 15 бала төменгі деңгей, «Балдырған» кіші тобында 9 бала жоғары деңгей, 10 бала орташа деңгей, 4 бала төменгі деңгейді көрсетіп отыр. Алдағы уақытта төмен деңгейлі балалармен жеке жұмыс жасау керек.

2.«Музыка жетекшісінің ойын жаттығулары» тақырыбы бойынша музыка жетекшісі К.Ерназарова ойын жаттығуларын өткізді. Педагогтар арасында бірлік пен жақсы қарым-қатынасты нығайту, командалық жұмыстың қажеттігіне байланысты бірнеше қызықты ойындар, ән қимылдары, ырғақтық ойындар, есте сақтау-тыңдай алуға арналған жаттығулар жасатты. Ойындар нәтижесінде педагогтар көңілдерін көтеріп, ерекше әсер алғандарын айтты.

Әдістемелік кеңес шешім етеді:

1.Бастапқы мониторинг нәтижелері бойынша төмен деңгейлі балаларға жеке даму картасы жүргізілсін.

Мерзімі: үнемі.

Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.



2.Педагогтарға арналған ырғақты, көңіл көтеретін ойындар үнемі өткізіліп отырсын.

Мерзімі: жыл бойы.

Жауапты: музыка жетекшісі К.Ерназарова

3.Ағымдағы мәселелер: «2025-2026 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтардан өтініш алу» мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі Э.Әйтбембет: Әріптестер «2024-2025 оқу жылында» Г.Берекетова аттестациядан өтіп, «педагог-модератор» біліктілік санатын алды 2025-2026 оқу жылында мерзімінен бұрын аттестациядан өтуге «Балдырған» тобының тәрбиешісі Курманалиева Жанар Карасаевнаны ұсынуға облыстық марапаттар қажет болды. Сондықтан алдағы уақытта педагогтар мен тәрбиеленушілерге арналған сайыстарға белсенді қатысуымыз қажет. Балабақшамыз бойынша «сарапшы», «зерттеуші» санатындағы педагогтардың жоқтығы өте төмен көрсеткіш. Алдағы уақытта өнімді жұмыс

жасап, көрсеткіштеріңізді көтеріп , мерзімінен бұрын біліктілік санаттарын алуға күш жұмсаңыздар.

Төрайымы:  Э.Әйтбембет
Хатшы:  А.Бахтыбаева

№3 әдістемелік отырыстың хаттамасы

Өткізілген күні: 16.02.2026 жыл

Қатысқан: 7 педагог, мейіркеш

Қатыспаған: 0

Күн тәртібінде:

1. Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру шеңберінде МДҰ педагогтерінің өз бетінше білім алу сапасын ұйымдастыру.

- педагогтердің өздігінен білім алуының жеке бағыттарының тақырыбына шолу жасау;

- педагогтердің өздігінен білім алу процесінде қолдау және сүйемелдеу нысандары.

- МДҰ жұмыс тәжірибесіне өздігінен білім алу нәтижелерін енгізу.

2. Тәрбиешілердің өздігінен білім алу тиімділігін зерделеу жолдары.

Тыңдалды:

Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру шеңберінде МДҰ педагогтерінің өз бетінше білім алу жұмысын ұйымдастыру бойынша әдіскер Рахмет Мейрамкүл сөз сөйлеп, Үлгілік оқу бағдарламасын сапалы іске асыру үшін педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының маңыздылығына тоқталды. Өздігінен білім алу жұмысы педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға, заманауи педагогикалық технологияларды меңгеруге және білім беру процесінің сапасын жетілдіруге ықпал ететіні айтылды. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын сапалы іске асыруға және білім беру процесінің тиімділігін жетілдіруге бағытталды.

Екінші мәселе бойынша педагогтер өздерінің білім алу тақырыптарын ұсынды. Тақырыптар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамыту жұмыстары, ойын арқылы оқыту, инклюзивті білім беру, ата-аналармен жұмыс, зерттеу және шығармашылық қызметті ұйымдастыру бағыттарын қамтыды.

Үшінші мәселе бойынша 2025–2026 оқу жылына арналған педагогтердің өз бетінше білім алу жұмысының жоспары қарастырылып, талқыланды.

Әдістемелік кеңес шешім етті:

1. Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру мақсатында педагогтердің өз бетінше білім алу жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

2. Әр педагог өздігінен білім алу тақырыбы бойынша жеке жұмыс жоспарын әзірлесін және бекітсін.
3. Өздігінен білім алу жұмысының аралық нәтижелері тоқсан сайын педагогикалық кеңестерде немесе әдістемелік отырыстарда қарастырылсын.
4. Оқу жылының соңында педагогтер өз білімін жетілдіру жұмыстарының нәтижелері бойынша есеп берсін.
5. Өдіскерге педагогтердің өздігінен білім алу жұмыстарын үйлестіру және әдістемелік қолдау көрсету міндеттелсін.

Төрайымы: *Рахмет* М.Рахмет

Хатшы *А.Бахтыбаева* А.Бахтыбаева

№4 әдістемелік отырыстың хаттамасы

Өткізілген күні: 18.05.2026 жыл

Қатысқан: 7 педагог, мейіркеш

Қатыспаған: 0

Күн тәртібінде:

1.2025-2026 оқу жылындағы әдістемелік кеңес жұмысының нәтижелігін талдау

2.Психолог жұмыстарының есебі

3.Оқу жылын қорытындылау.

2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік кеңес жұмысының нәтижесін талдау

Тыңдалды:


2025–2026 оқу жылында әдістемелік кеңестің жұмысы мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын сапалы іске асыруға және білім беру процесінің тиімділігін жетілдіруге бағытталды. Оқу жылы барысында әдістемелік кеңестің жылдық жоспарына сәйкес жоспарланған отырыстар өткізілді. Кеңес жұмысы барысында нормативтік-құқықтық құжаттарды зерделеу, педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру, инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу, озық тәжірибелерді тарату және әдістемелік қолдау көрсету мәселелері қарастырылды. Педагогтердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету мақсатында семинарлар, шеберлік сағаттары, ашық оқу қызметтері, дөңгелек үстелдер және тәжірибе алмасу іс-шаралары ұйымдастырылды. Педагогтер заманауи білім беру технологияларын, ойын арқылы оқыту әдістерін, зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін меңгерді. Әдістемелік кеңес мүшелері оқу-тәрбие процесінің сапасына тұрақты мониторинг жүргізіп отырды. Мониторинг нәтижелері бойынша педагогтердің жоспарлау құжаттарын жүргізу сапасы жақсарғаны, тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған жұмыстардың жүйеленгені анықталды. Жас мамандармен жұмыс жоспарына сәйкес тәлімгерлік жұмыстары жүргізілді. Тәжірибелі педагогтердің қолдауымен жас мамандар оқу қызметін ұйымдастыру, құжаттарды рәсімдеу және педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану бойынша әдістемелік көмек алды. Педагогтердің өздігінен білім алу жұмыстары жүйелі ұйымдастырылды. Оқу жылының соңында педагогтер өз тақырыптары бойынша есеп беріп, тәжірибелерімен бөлісті. Нәтижесінде олардың кәсіби

белсенділігі мен шығармашылық ізденісі артқаны байқалды. Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту бағытында консультациялар, ашық есік күндері, бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылып, отбасы мен балабақша арасындағы серіктестік қарым-қатынас нығайтылды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде педагогтердің кәсіби құзыреттілігі артты, білім беру қызметінің сапасы жақсарды, тәрбиеленушілердің білім, білік және дағдыларын дамыту көрсеткіштерінде оң динамика байқалды.

2025–2026 оқу жылында әдістемелік кеңестің жұмысы жоспарға сәйкес толық көлемде жүзеге асырылды және қойылған міндеттердің басым бөлігі орындалды. Әдістемелік қызмет педагогтердің кәсіби өсуіне, инновациялық тәжірибелерді енгізуге және мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруға оң ықпал етті.

Әдістемелік кеңес шешім етті:

1. 2025-2026 оқу жылындағы жұмыс жоспарлары қанағаттанарлық деп бағалансын.

Төрайымы:  М.Рахмет

Хатшы  А.Бахтыбаева